

Сарыбұлақ ауылының шағын ауданына атау беру туралы

Ақмола облысы Бурабай ауданы Бурабай кентінің әкімдігінің 2011 жылғы 1 сәуірдегі № 1 шешімі. Ақмола облысы Бурабай ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 3 мамырда № 1-19-199 тіркелді

«Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4 тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып Бурабай кентінің әкімі ШЕШІМ Е Т Т І :

1. Сарыбұлақ ауылының шағын ауданына «Саяжай» атауы берілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім Бурабай ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бурабай кентінің әкімі
«КЕЛІСІЛДІ»

Қ.Әшімянов

«Бурабай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы Д.Қарсыбаева

«Бурабай ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы А.Жүсіпов